



Автор: Шойбеков Мурат Дастанович

Пән: Дүниежүзі тарихы

Сынып: 8-сынып

Бөлім: XIX ғасырдағы Үндістан мен Үндіқытайдағы еуропалық үстемдік

Тақырып: 1857-1859 жылдардағы. Үндістандағы оқиғаларды XIX ғасырдағы британдықтар мен қазіргі кездегі үндістер қалай баяндайды?

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.3 - Еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтау 7.3.2.6 - еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттау
Сабақтың мақсаты:	Барлығы: Еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтап, еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттай алады. Басым бөлігі: 1857-1859 жылдардағы. Үндістандағы оқиғаларды XIX ғасырдағы британдықтар мен қазіргі кездегі үндістер қалай баяндайтынын салыстыра алады. Кейбірі: XIX ғасырдағы британдықтардың Үндістанды билеу ерекшелігіне талдау жасап, қорытынды жасай алады.
Тілдік мақсаттар:	Сипаилар, Ост-Үнді компаниясы, Рам Мохан Рай, Сипаилар көтерілісі, «Үндістан-көпұлтты мемлекет», Үнді Ұлттық конгресі, Б.Тилак, Свараджа, Свадеші
Бағалау критерийлері:	- Еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтай отырып, еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттайды. - 1857-1859 жылдардағы. Үндістандағы оқиғаларды XIX ғасырдағы британдықтар мен қазіргі кездегі үндістер қалай баяндайтынын салыстырады. - XIX ғасырдағы британдықтардың Үндістанды билеу ерекшелігіне талдау жасап, қорытынды жасайды.
Құндылықтарды дарыту:	- Өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау - Қарым-қатынас қабілеті - сын тұрғысынан ойлау
Пәнаралық байланыс:	География

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (10 мин)	Психологиялық ахуал: «Гүлмен тілек» әдісі Оқушылар арнайы дайындалып келген гүлді алақандарына салып тұрып, бір-біріне тілек тілейді және гүлдің астына жазылған сөздер бойынша топқа біріктіріледі. Үй тапсырмасын тексеруде: <i>І тапсырма.</i> (жеке жұмыс) ««Жалғасын тап»» әдісі арқылы - оқушылар өткен тақырып бойынша тақтада жазылған сөйлемнің ойын аяқтап, өткен сабақ бойынша сөйлемдер құрап жазады Дескриптор: - Германиядағы революцияның себептерін атап өтеді; - Германияның бірігу жолы мен Отто фон Бисмарктың еңбегінің маңызын айтады; - Италияның бірігу жолдарын айтады; - Дж. Гарибальдидің Италияны біріктірудегі маңызын атайды; <i>Құб: «Бағдаршам» әдісімен оқушылар бағаланады</i>	Гүл жапырақтары Стикер, тақта

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (27 мин)	1- тапсырма «Мәтінмен жұмыс» (жеке) «INSERT» әдісі арқылы -мәтінді оқып, түртіп алу жүйесі W- білемін + жаңалық - білмеймін ?- білгімкеледі Дескриптор: - еуропалық державалардың отаршылдық экспансиясы кезеңіндегі Азия мемлекеттерінің (Қытай, Үндістан, Жапония) әлеуметтік құрылымындағы ерекшеліктерді анықтайды; - еуропалық отаршылдық экспансияның Шығыстың дәстүрлі қоғамдарына ықпалын сипаттайды; - Сипайлар көтерілісінің себептерімен танысады; <i>Құб: қолпаштау сөздері арқылы бағалау: «жарайсың», «өте жақсы», «керемет».</i> 2-тапсырма: Топтық жұмыс «Эйлер шеңбері» әдісі: А-4 параққа, шағын постерге Эйлер шеңбері сызылып, британдықтар мен үндістердің кезекпен идеялары Не?Қалай? Неге? Нәтиже? деген Мәселер бойынша талқыланып, салыстырады. Дескриптор: - Үндістанды 1857-1859 жылға дейінгі отарлаудың қалай жүргенін баяндайды. - 1857-1859 жылдардағы сипайлар көтерілісінің маңызын анықтайды. - 1857-1859 жылдардағы. Үндістандағы оқиғаларды ХІХ ғасырдағы британдықтар мен қазіргі кездегі үндістер қалай баяндайтынын салыстырады; <i>Құб: «Баспалдақ» әдісімен оқушылар бағаланады</i> 3- тапсырма «Бес қадам» әдісі ХІХ ғасырдағы британдықтардың Үндістанды билеу ерекшелігі Дескриптор: 1-қадам. Тақырып беріледі. 2-қадам: Оқушылар қойылған мәселе бойынша жазбаша сауалнама өткізеді. 3-қадам: Оқушылар тақырып бойынша бір-бірінің пікірін анықтайды. (құндылығы, сәйкестігі, шеберлігі) 4-қадам. Ортақ қорытынды жасайды. 5-қадам: Жасалған жұмыс бойынша бір-бірін бағалайды. <i>Құб: аргументтерді дұрыс қолдануына қарай жұлдызшалармен бағаланады.</i>	«Жұлдызша» бағалау парақшалары Эйлер шеңбері
Сабақтың соңы (3 мин)	"Бес саусақ" әдісі арқылы сабақты қорытындылаймыз 1.«Бас бармақ»- басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды? 2. «Балалы үйрек»- бірлесу. Қалай жұмыс жасадым, кімге көмек бердім, кімді риза жасадым? 3. «Ортан терек»- ойлану. Мен бүгін білім мен тәжірибе алдым? 4. «Шылдыр шүмек»-шынайылық. Сабақмаған ұнадыма? Неліктен? 5 «Кішкентай бөбек»-көңіл-күй ахуалы.	А4 парақтары, түрлі түсті қалам
Рефлексия	Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?	А4 парақтары, түрлі түсті қалам